

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ақпарат комитетінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы N 1024 Қаулысы

Сыртқы және ішкі саясатты ақпараттық қамтамасыз ету, сондай-ақ шет елдерде Қазақстан Республикасының жетістіктерін насихаттауды күшейту мақсатында, "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ақпарат комитеті (бұдан әрі - Комитет) құрылсын.

2. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22. N 986 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1118 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 41, 530-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (Сыртқыісмині) туралы ережеде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ведомствосы - Халықаралық ақпарат комитеті бар.";

2) күші жойылды – ҚР Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 28 қазандағы
N 1024 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ақпарат комитеті туралы ереже

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22. N 986 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Ү к і м е т і н і ң	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
2 0 0 6	ж ы л ғ ы	2 8
N	1 0 2 4	қ а з а н д а ғ ы
бекітілген		қ а у л ы с ы м е н

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің құрылымы

Ескерту. Құрылым алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.22. N 986 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.